Қазақстан Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму министрлігінің
Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты
дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы

«ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ»

ПӘНІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ



9

СЫНЫП

Нұр-Сұлтан - 2021

Қазақстан Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму министрлігінің
Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты
дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы

«ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ»

ПӘНІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

9

СЫНЫП

Нұр-Сұлтан - 2021

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің оқытушыларына арналған дидактикалық материалдар жинағы /Ауд.: Л.Калыбекова., С.Алимкулова., Р.Қадіров. – Нұр-Сұлтан: Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы, 2021. – 48 бет.

Осы жинақ зайырлылық және зайырлы мемлекет, діндер тарихы, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар, рухани-мәдени феномен ретіндегі діннің рөлі, сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы діни ахуал жөнінде дидактикалық материалдардан тұрады. Жинақта «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні шеңберінде оқу процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында оқытушыларға көмек ретінде ұсынылған.

Жинақ «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің 9-сынып оқытушылары үшін әзірленген.

I ТАРАУ. ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ

1.1. ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ: ҰҒЫМЫ, МӘНІ ЖӘНЕ СИПАТЫ

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ – бұл мемлекеттік атеизмнен және бір дінді жалпыға бірдей немесе ресми дін ретінде мойындаудан бір мезгілде бас тарту арқылы сенім мен ар-ождан бостандығы мәселелерінде азаматтардың толық теңдігін қамтамасыз етуші мемлекеттің сипаттамасы.

АР-ОЖДАН БОСТАНДЫҒЫ – ең алдымен, жеке адамның кез келген идеологиялық бақылаудан азаттығын білдіретін адамның негізгі жеке құқықтарының бірі, әркімнің рухани құндылықтар жүйесін өз еркімен таңдау құқығы.

Зайырлылықтың мәнін келесідей көрсетуге болады:

01 Ар-ождан және діни сенім бостандығы

02 Мемлекет пен діннің өзара бейтараптығы

03 Дінге қатынасына қарамастан азаматтардың теңдігі

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ СИПАТТАРЫ

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ -
келесі белгілерден тұратын мемлекеттің конституциялық сипаттамасы:


- елде мемлекеттік діннің болмауы;
- мемлекет және оның институттарының зайырлы, конфессиялық бейтарап сипаты;
- дінге қатынасы, діни немесе зайырлы бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;
- мемлекеттің зайырлы сипаты туралы конституциялық норма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негізін құраушы сипатының болуы;
- мемлекеттік қызмет, білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау, отбасы және неке институттары жүйелерін қоса алғанда, әлеуметтік қатынастар, сондай-ақ мемлекеттің құзыретіне жататын басқа да салалар тек заңнамамен реттелуі;
- ешқандай діни бірлестік мемлекет бюджетінен қаржыландырылмауы;
- мемлекет діни бірлестіктердің ішкі құрылымын реттеуге араласпауы;
- ар-ождан және діни сенім бостандығы саласында шектеулердің тек конституциялық құрылым, адамгершілік, адам мен азаматтың денсаулығы, құқықтық және заңды мүдделері мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігімен орын алуы.

ТЕОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ СИПАТТАРЫ

ТЕОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ
айқындаушы сипаттары, олар:


- елде мемлекеттік діннің болуы;
- діни ұйымдар саяси жүйеге еніп, әсіресе оның орталық өзегін құрауы;
- діни лидер немесе діни лидерлердің топтары мемлекет басшылығында болуы, мемлекеттік билік органдарын басқаруы, саяси мемлекеттік биліктің өкілеттігіне ие болуы;
- діни нормалар құқықтың негізін құрауы және азаматтардың жеке және қоғамдық өмірінің барлық салаларын реттеуі.

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕР



ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕР

ТЕОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР



- Ватикан
- Сауд Арабиясы
- Иран
- Ауғанстан
- Мавритания
- Судан
- Йемен

1.2. ҚАЗАҚСТАН – ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ



Қазақстан формальды тұрғыда ғана зайырлы мемлекет емес, сонымен бірге іс жүзінде Қазақстан халқының төл табиғаты мен рухы, сана-сезімі дінге деген тарихи кеңшілікте қалыптасқан.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» кітабынан



ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ – Қазақстанда заманауи құқықтық мемлекеттің қызмет ету негізін құрайтын қағидаттарының бірі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бөлімінің 1-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, **зайырлы**, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», қазақстандық мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет ету қағидатын бекітеді.

Мемлекеттің зайырлы құрылымы - Қазақстан халқының маңызды тарихи жетістігі. Біздің еліміз бірегей тарихи-мәдени жағдайларға, қоғамдық дамудың өзіндік ерекшелігі айқын және діни саланың ерекшелігіне ие бола отырып, әлемдік қоғамдастық таныған мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың өзіндік моделін іске асырады.

Мемлекеттің зайырлы сипаты туралы конституциялық норма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негізін қалаушы сипаты болып табылады. Ар-ождан бостандығы – демократиялық қоғам дамуының қажетті және ажырамас шарты, адам құқығы мен бостандығы жүйесінің негізгі элементтерінің бірі.





ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ:



ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ – дінді ұстану немесе ұстанбау құқығы. Діни сенім бостандығының мұраттары барша әлемде кеңінен мойындалған, бүгінде ең маңызды халықаралық декларациялармен және адам құқықтары жөніндегі пактілермен, сонымен бірге әлемнің көптеген елдерінің конституцияларымен бекітілген.

Сонымен бірге, діни сенім бостандығына құқықты жүзеге асыру жалпыадамзаттық құқық пен азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттерін шектеуге жағдай жасамауы тиіс. Заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда ешкім өзінің діни сеніміне қатысты азаматтық міндеттерден бас тартуға құқығы жоқ.

Адамның құқығы мен бостандықтары келесі салаларды қорғау мақсатында қажетті деңгейде заңмен шектеле алады:

- КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ
- АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН ЕРКІНДІГІ
- ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ
- ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН РУХАНИЯТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРЫ

- Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты елдің тұрақты дамуын, адам және азаматтың бекітілген құқығы мен бостандығына кепілдігін, жалпыадамзаттық және діни мойындалған құндылықтар негізінде қоғамның рухани жандануын қамтамасыз етуге бағытталған;
- Қазақстанда мемлекет дінді ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара толеранттылық пен құрметке негізделген қатынастарды орнатуға ықпал етеді;
- Зайырлы Қазақстан қоғамда келісім, өзара түсіністік, толеранттылық пен өзара құрмет мәселелері бойынша елдің діни бірлестіктерімен байланыс орнатады. Мемлекет діндарларды Қазақстанның толық құқықты азаматтары деп, ал діни бірлестіктерді қайырымдылық, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық қызметтердің маңызды қатысушылары ретінде есептейді.

Қазақстан дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында адамдардың діни сеніміне қарамастан олардың теңдігі, ар-ождан және діни сенім бостандығы, ешқандай дінді ұстанбау еркіндігі ережесін бекітетін нормалары бар халықаралық құжаттарға сүйенді, олар:

1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы (18 бап, 29 баптың 2 т.,);

1950 жылғы 4 қарашасындағы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Еуропалық Кеңес Конвенциясы (9, 14, 16 баптары);

1966 жылғы 19 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (2, 2 баптың 18 т., 20, 26, 27 б.);

1975 жылғы 1 тамыздағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша кеңестің Қорытынды актісі;

1981 жылғы 25 қарашадағы Дін немесе наным-сенім негізіндегі шыдамсыздықтар мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы Декларация (1 бап, 2 баптың 2 т., 4,6 баптар);

1992 жылғы 18 желтоқсандағы Ұлттық немесе этникалық, діни және тілдік аз топтарға тиесілі тұлғалардың құқықтары туралы Декларация (4 б.) және адамдардың ар-ождан бостандығын сақтауды қамтамасыз ететін мемлекеттің міндетін бекітетін басқа да құжаттар.

1.3. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қазақстанда білім мен тәрбие беру жүйесі діннен бөлінген және зайырлы сипатқа ие. Зайырлылық ұстанымына сәйкес мектеп, колледж, ЖОО-дарында жастардың дінге деген белгілі бір қатынасын қалыптастыруға тыйым салынады.

Сонымен бірге, діни білім беру ұйымдарын құру құқығы заңнама талаптарының шеңберінде тек республикалық және өңірлік мәртебесі бар діни бірлестіктерге берілген.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ ҚАҒИДАТТАР

- мемлекеттік оқу мекемелерінде жалпыға міндетті діннің болуына жол бермеуі;
- әркімнің нанымы мен дінге деген қатынасына қарамастан білім беру мекемелеріне білім алу үшін оқуға түсу құқықтарының теңдігі;
- білім беру мекемелерінің ішкі құрылымы мен қызметінің зайырлылығы;
- білім беру ұйымдары басшылығының діни рұқсат алу немесе қысым көрсетуден, діни бірлестіктердің араласуынан тәуелсіздігі, оларға жүйені басқаруда кез-келген өкілеттіктерді беруге жол берілмеуі;
- зайырлы білім беру мекемелерінде діни қызметшілерді даярлауға жол бермеуі;
- қолданылатын оқу бағдарламалары мен оқу әдебиеттерінің діни бейтараптылығы;
- жалпы білім беретін мекемелерде дін туралы білім беруде мектеп және студент жастарды діни бірлестікке тарту мақсатындағы бағытты ұстанбауы;
- пайдаланылатын оқу бағдарламалары мен оқу әдебиеттерінде өшпенділік пен алауыздықты тудыруға, тұлғаның немесе топтардың дінге қатынасы бойынша абыройын түсіретін немесе кемсітуді насихаттайтын ережелердің болмауын бақылауды мемлекеттік тұрғыдан жүзеге асыруы.

АШЫҚ САБАҚ СЦЕНАРИЙІ

Тақырыбы: «Қазақстан – зайырлы мемлекет».

Оқу мақсаттары:

✓зайырлылық ұғымының мәнін, оның мәні мен сипатын ашу;
✓зайырлы Қазақстанның құндылықтарын анықтау;
✓мемлекетіміздің зайырлы қағидаттары туралы пайымды негіздеу, бағалау, дәлелдер келтіру.

Пәндік нәтижелер:

Барлығы: зайырлы Қазақстанның құндылықтарын анықтай алады.
Көпшілігі: зайырлылық ұғымының мәнін сипаттай алады:
Кейбіреулері: мемлекетіміздің зайырлы қағидаттары туралы пайымдауларды негіздеп, бағалап, дәлелдер келтіре алады.

Пәнаралық байланыс:

Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы.

ОҚЫТУШЫҒА НҰСҚАУЛЫҚ:

Тақырыпты өзектендіруге арналған сұрақтар:

✓«Зайырлылық», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын ашыңыз.
✓Қазақстан Республикасы Конституциясындағы «зайырлылық» қалай сипатталды?

1. «Миға шабуыл» әдісі.

Мақсаты: зайырлы және теократиялық мемлекеттің негізгі айырмашылықтары туралы ойларды жандандыру.
ОҚД: ойлау, негіздеу, қорытынды.
Талқылау сұрақтары: зайырлы және теократиялық мемлекеттің айырмашылықтары қандай?

2. Оқытушының оқушылармен әңгімелесуі.

Оқытушының «зайырлылық» ұғымымен оқытушының сыныппен жұмысы
Мақсаты: Зайырлы Қазақстанның құндылықтарын анықтау.

3. «ПОПС формуласы» тәсілі. Топтық жұмыс.

Оқушыларға ПОПС формуласы бойынша: ұстаным, негіздеме, мысалдар, салдарды келтіру ұсынылады.
Мақсаты: Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының мәнін сипаттау.
Жауапты дәлелдеңіз.
ОҚД: ақпаратты басқару, талдау, бірлескен жұмыс.
Тапсырма: Қазақстан Республикасында дін саласындағы мемлекеттік саясатты құрудың негізгі қағидаттарын белгілеп, материалды зерделеңіз.

Сабақтың нәтижелері: «мен зайырлылық туралы не білдім?» деген кестені толтыру.
Үй тапсырмасы: «Қазақстан – зайырлы мемлекет» тақырыбына эссе жазу.



II ТАРАУ. ДІН РУХАНИ-МӘДЕНИ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

2.1. ДІННІҢ НЕГІЗГІ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Дін (араб. — «сыйлық, мойынсұну, құлшылық») — дүниеге көзқарас, дүниетаным, оған қатысты адамдардың мінез-құлқы, тылсым күштерге және діннің жетілген формаларында Жаратушы, құдайларға деген сенімді қамтитын құндылықтар жүйесі.

ДІНИ СЕНІМ:

- Табиғаттан тыс, жоғары күштерге, Жаратушы немесе құдайларға, шынайы әлемнен тыс нәрсеге сену.
- Адамның табиғаттан тыс тылсым күшпен байланысына сену. Құдай — болмысты жаратушы және сонымен бірге адамгершілік құндылықтардың қайнар көзі. Діндарлардың жақсылық, ақиқат және сұлулықтықтың идеалы ретінде Құдайға ұмтылысы
- Жанның өлмейтініне сену. Дін бұл дүние мен о дүние (адам мен болмыс) шексіздік пен абсолютті (Құдай мен мәңгі әлем) байланыстырады.
- Өлімнен кейінгі өмірге сену.

2.2. ДІННІҢ ҚЫЗМЕТІ

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ

Дін өз сенушілеріне әлемнің, қоғамның және адамның шығу тегін түсіндіретін көзқарастар жүйесін ұсынады

ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ

Дін кез-келген қоғамдағы моральдық құндылықтардың өзегі ретінде әрекет етеді. Діндердің моральдық құндылықтары жеке адамға қоғаммен қарым-қатынас жасауда бағдар береді.

РЕТТЕУШІ

Діни идеялар, құндылықтар мен көзқарастар адамдар мен қоғам арасындағы қатынастарды реттейді

КОММУНИКАТИВТІ

Қарым-қатынастың екі түрін қамтамасыз етеді:
- сенушілердің бір-бірімен;
- сенушілердің Құдаймен, періштелермен, рухтармен, әулиелермен.

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ/ ДЕЗИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ

Егер ортақ, біртұтас бір дін болса, онда жеке адамдарды, топтарды біріктіреді немесе егер діни сана мен мінез-құлықта бір-бірімен сәйкес келмейтін үрдістер табылса, әлеуметтік топтар мен қоғамда әртүрлі немесе қарама-қарсы конфессиялар болса, оларды ыдыратады.



Мәдениет сөзі қазақ тіліне араб тілінен енген. Мәдениет — адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары.

Мәдениет діннің түрлеріне ықпал етсе, дін адамның ішкі әлеміне, рухани құндылықтарына, тұрмыс салты мен қимыл-әрекетіне ықпал етеді. Дін адамзат өркениетінің дамуына, оның ішінде білім, ғылым, баспа ісі, әдебиет, этика, адамгершілік өнерге зор үлес қосқаны тарихтан белгілі.

Дін — адамзат тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі. Әр дін дүниежүзілік мәдениетке өзіндік үлесін қосты.



СӘУЛЕТ ӨНЕРІ



РИМ-КАТОЛИК КАФЕДРАЛЬДЫ СОБОРЫ



СҰЛТАНАХМЕТ МЕШІТІ (КӨГІЛДІР МЕШІТ)



БУДДА ХРАМЫ (МАХАБОДХИ ХРАМЫ)

МҮСІН ӨНЕРІ



БУДДА МҮСІНІ



ГАНЕША ҚҰДАЙЫНЫҢ МҮСІНІ



ҚҰТҚАРУШЫ ИСА МӘСІХТІҢ МҮСІНІ

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІ



«РАМАЯНА» ШЫҒАРМАСЫ



«СОҢҒЫ КЕШКІ АС» КАРТИНАСЫ



КАЛЛИГРАФИЯ

ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР



ИСЛАМ



ХРИСТИАН ДІНІ



БУДДИЗМ

ДІНИ МУЗЫКА



ШІРКЕУ ХОРЫ



БУДДА МОНАХТАРЫ «ДУНЧЕН» МУЗЫКАЛЫҚ АСПАБЫМЕН

АШЫҚ САБАҚ СЦЕНАРИЙІ
Тақырыбы: «Дін рухани-мәдени феномен»

Оқу мақсаты:

- ✓ адам мен қоғам өміріндегі мәдениет пен діннің рөлін ашу;
- ✓ діннің өнердің дамуына ықпалы туралы пікірлерді негіздеу, бағалау, дәлел келтіру.

Пәндік нәтижелер:

Барлығы: мәдениет пен діннің өзара байланысын орната алады.
Көпшілігі: мәдениет пен діннің адам мен қоғам өміріндегі рөлін анықтай алады.
Кейбіреулері: діннің өнердің дамуына ықпалы туралы пайымдауды негіздеу, бағалау, дәлелдер келтіре алады.

Пәнаралық байланыс:

Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы.

ОҚЫТУШЫҒА НҰСҚАУЛЫҚ:

Тақырыпты өзектендіруге бағытталған сұрақтар:

- ✓ «Мәдениет», «дін» ұғымдарын ашыңыз.
- ✓ Дін адамзат өркениетінің дамуына қандай үлес қосты?

1. Оқытушының оқушылармен әңгімесі.

Оқытушының «мәдениет» пен «дін» ұғымдарымен сыныптағы жұмысы:
Мақсаты: «мәдениет» пен «дін» ұғымдарының мәнін анықтау.

2. «Миға шабуыл» әдісі.

Мақсаты: мәдениет пен діннің байланысын белгілеңіз.
ОҚД: ойлау, негіздеу, қорытынды жасау; серіктестік жұмыс.
Талқылау сұрақтары: Дін мен мәдениеттің өзара әсері қандай?

3. «ПОПС формуласы» тәсілі. Топтық жұмыс.

Оқушыларға ПОПС формуласы бойынша: ұстаным, негіздеме, мысалдар, салдарды келтіру ұсынылады.
Мақсаты: Әр діннің әлемдік мәдениетке баға жетпес үлес қосқаны туралы дәйекті түсіндіру.
ОҚД: ойлау, негіздеу, қорытынды жасау; серіктестік жұмыс.

Тапсырма: материалды оқып шығыңыз, бір діннің мысалында әлемдік мәдениетке қосқан үлесін көрсетіңіз.
Сабақ қорытындысы: «Дін және мәдениет» Венн-диаграммасын толтыру.
Үй тапсырмасы: «Дін рухани-мәдени феномен» тақырыбына эссе жазу.

III ТАРАУ. ДІННІҢ БАСТАУЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ТҮРЛЕРІ

3.1. АЛҒАШҚЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР

АЛҒАШҚЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР — қоғам дамуының алғашқы сатыларында қалыптасқан нанымдар, рәсімдер, ғұрыптық әрекеттер жиынтығы.

НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ ТАРИХИ ТҮРЛЕРІ

ФЕТИШИЗМ

(португал сөзінен fetiso – тұмар, сиқырлы зат) - материалдық заттар мен адамдардың тылсым қасиеттеріне деген сенім. Мұндай қасиеттерді табиғаттағы заттарға (тас, ағаш, сүйек), адамдар мен тіршілік иелері жасаған заттарға (жануарлар, жәндіктер және т.б.) жатқызуға болады.



ТОТЕМИЗМ

(Солтүстік Америка үнділерінің ожибве ототем тайпасының тілінде - оның тегі) – адамдар тобы (тайпа, ру) арасында жануарлар мен өсімдіктердің белгілі бір түрлерімен туыстық қатынастың болуына сену.



АНИМИЗМ


(лат. anima - рух, жан) рухтар мен жандардың бар екендігіне сену.




МАГИЯ

(грек тілінен magica - сиқыршылық, дуагерлік; сиқыр) - бұл табиғаттан тыс күштердің көмегімен адамға немесе табиғатқа әсер етуге арналған белгілі бір әрекеттер мен сиқырлар.




МАГИЯ
мақсаты мен қолданылатын құралдары мен әдістері бойынша
жалпы бағыты бойынша
ҚАРА
(зиян келтіру, өлім)
АҚ
- кәсіптік (сәтті аң аулауды қамтамасыз ету үшін);
- емдік (емдеу үшін);
- махаббат (өзіне қарату үшін);
- әскери (жауды жеңу үшін);
- метеорологиялық (жаңбыр шақыру үшін);
- аграрлық (егін немесе мал өнімділігін қамтамасыз ету үшін).
АГРЕССИВТІ
- жанасу арқылы (сиқырлы күштің иесімен өзара әрекеттесу арқылы);
- инициалды (қажетті әрекеттің басы жасалады, оның соңы сиқырлы күшке жүктеледі);
ҚОРҒАНЫС
- аластау (бойтұмар, тұмар тағу);
- тазарту (ғұрыптық дәрет, түтінмен аластау).


ФЕТИШИЗМ
ФЕТИШ ТҮРЛЕРІ
шығу тегі бойынша
нысанды мақсаты бойынша
ТАБИҒИ
(тастар, тістер, жануарлардың дене мүшелері және т.б.)
ЖАСАНДЫ
(сақиналар, моншақтар, тұмарлар, бойтұмарлар және т.б.)
аурудан сақтандыру үшін
сәттілік әкелу үшін
батылдық беру үшін
жауларын қорқыту үшін

АНИМИЗМ

Жан – анимизмнің басты ұғымы, ол барлық болмыстың тіршілік қуаты/ ерекше жаратылыс, күш

- Жанның көрінісі қандай?
- Жан қайда болады?
- Адамда қанша жан бар?
- Қайтыс болғаннан кейін жан қайда кетеді?

ТҮСІНІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ:
- өмір мен өлім туралы;
- ұйқы кезінде жанның саяхаттауы туралы;
- басқа әлем туралы;
- адамдармен қатар тіршілік ететін рухтар әлемі ;
- реинкарнация – жанның немесе өзге тіршілік иелерінің қайта туылуы туралы;

ТОТЕМИЗМ

ТОТЕМ –
рубасы және қамқоршы

АДАМ = **ЖАНУАР / ӨСІМДІК**

Жануар/өсімдік түріндегі тотемді құрметтеу

АҢЫЗДАРДА + **САЛТ ЖОРАЛҒЫЛАРДА**

ТОТЕМДІК ЖАНУАРДЫ ҚҰРМЕТ ТҰТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҒҰРЫПТАР

табу-тыйымдар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, мінез-құлық нормалары, идеология, материалдық мәдениет, өнер, әлеуметтік қатынастар және т. б.

3.2. ҰЛТТЫҚ ДІНДЕР

ҰЛТТЫҚ ДІНДЕР – бұл бір мемлекет ішінде кең таралған немесе негізінен бір ұлт өкілдері ғана ұстанатын діндер.

Иудаизм

Уақыты	Б. з. д. I-ші мыңжылдық	 
Орны	Палестина.	
Түрі	Монотеизм	
Қасиетті кітабы	Танах, Мұсаның бес кітабы (Таурат), пайғамбарлардың кітаптары (Невим) және жазбалар (Кетувим).	
Символы	Дәуіт жұлдызы, Менора	

Индуизм

Уақыты	Б. з. д. II-I-ші мыңжылдық	
Орны	Үндістан	
Түрі	Политеизм.	
Қасиетті кітабы	Ведалар. Жалпы 4 Веда бар: Ригведа – «Гимндер Ведасы», Атхарваведа – «Дұғалар Ведасы», Самаведа – «Мадақ әндер Ведасы», Яжурведа – «құрбандық шалу тәртібі Ведасы».	
Символы	Ом	

Даосизм

Уақыты	б.з.д. VI –V ғ.	
Орны	Қытай, Жапония, Кореяда тараған	
Түрі	Пантеистік бағыттағы діни философиялық ілім.	
Қасиетті кітабы	Дао Дэ Цзин – Дао жолы туралы кітабы.	
Символы	Тайцзи (Инь-Ян)	

Конфуцианство

Уақыты	б.з.д VI-V ғ.	
Орны	Қытай, Жапония, Кореяда тараған.	
Түрі	Этикалық-діни жүйе.	
Қасиетті кітабы	Луньюй қасиетті мәтіндері (Конфуцийдің шәкірттерімен болған әңгімелерінің жинағы, ұстаздарының орта жолды сақтау туралы пікірлері).	
Символы	Су таңбасы	

Синтоизм

Уақыты	б.з.VI-VII ғ.	
Орны	Жапон аралдары	
Түрі	Көптеген құдайлар мен рухтарға сену.	
Қасиетті кітабы	Кодзики – мифтер жинағы, жапондардың ежелгі жазбаша жылнамасы.	
Символы	Тори қақпасы	

Зороастризм

Уақыты	б.з.д VII-VI ғ.	
Орны	Ежелгі Иран.	
Түрі	Монотеистік дін.	
Қасиетті кітабы	Авеста (ант, өсиет).	
Символы	От, жалын.	


IV БӨЛІМ. ӘЛЕМДІК ДІНДЕР

ӘЛЕМДІК ДІНДЕР – әр түрлі елдер мен континенттер халықтарының арасында тараған діндер.

ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДІҢ БЕЛГІЛЕРІ:

1. **КОСМОПОЛИТТІК** – этностан тыс және этносаралық сипатқа ие, ұлттар мен мемлекеттер аясымен шектелмейді, бұл діндерді әр түрлі ұлт өкілдері ұстанады;
2. **ЭГАЛИТАРЛЫҚ** – барлық адамдардың теңдігін насихаттайды, әлеуметтік топтардың барлық өкілдеріне бағытталған;
3. **ПРОЗЕЛИТТІК** – өзге діни сенімдегілерді өз діни сеніміне тартуға ұмтылу, белсенді үгіт-насихат жүргізу;
4. Бүкіл әлем бойынша ұстанушыларының санының көптігі.

ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДІ ҰСТАНУШЫЛАРДЫҢ САНЫ:



Әлемдік діндердің қасиетті кітаптары

Мәтін	Трипитака	Інжіл	Құран
Дін	Буддизм	Христиан	Ислам
Уақыты	Б.з.б. V-III ғғ.	Б.з.б. I-II ғғ.	Б.з. VII ғ.
Таратушы	әулиелер	Иса Мәсіх	Мұхаммед пайғамбар
Тарату әдісі	Будда өсиеттерін жазбаға түсіру	Иса Мәсіхтің Ізгі Хабарын жеткізу	Құдайдан аян алу
Пайда болу орны	Солтүстік-шығыс Үндістан	Палестина	Арабия
Таралудың алғашқы тілі	Пали тілі	Грек тілі	Араб тілі

4.1. БУДДИЗМ

Уақыты	Б.з.бұрын VI ғ. пайда болды	
Орны	Үндістан	
Түрі	Рухани жандану туралы діни-философиялық ілім	
Қасиетті кітабы	Типитака немесе трипитака (ілімнің үш себеті)	
Символы	Ілім күймесінің айналымы, Сансара	



БУДДИЗМ
Будда ашқан Ғаламдық заң
Дхарма ағымы + Карма
Сансара (қайта туу тізбегі)
Дхармалар ағынын басқаруға болады
Нирванаға – тыныштыққа қол жеткізу, сансарадан шығу
Будда ілімі
Төрт ізгі ақиқат
1) Дуккха – өмір қайғы-қасірет
2) Скандха – қайғы-қасіреттің себебі бар
3) қайғы-қасіретті тоқтатуға болады
4) одан құтылу жолы бар
Әрбір жеке мәтін Будда сөзі
Палий каноны «Типитака» («Үш себет»)
Винная-питаку – тәртіп қағидаларының себеті
Сутра-питаку – өсиеттер себеті
Абхидхарма - питаку – доктриналар себеті

БУДДИЗМДЕ ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТТЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ СЕГІЗ ЖОЛЫ



4.2. ХРИСТИАНДЫҚ

Уақыты	Б.з.бұрын I ғ. пайда болды
Орны	Палестина
Пайғамбар/ рухани лидері	Иса Мәсіх
Түрі	Монотеизм
Қасиетті кітабы	Киелі кітап, Көне және Жаңа өсиеттен тұрады
Символы	Крест, ихтис



ХРИСТИАН ДІНІНІҢ ДОГМАТТАРЫ

- **Монотеизм** – бірқұдайлық
- **Креационизм** – Құдай әлем мен адамды жоқтан жаратты
- **Мессияға деген сенім** – жерде мәңгі патшалығын орнату үшін Құдай тарапынан жіберілген құтқарушы
- **Жақсылық және жамандық дуализмі**
- Ақырзаман және адамдардың жанын Соңғы Сотқа салу туралы **Эсхатологиялық ілім**
- **Үштік туралы ілім** – бұл қағидаға сәйкес, Құдай бір, бірақ үш тұлғалы: Құдай – Әке, Құдай – Бала, Құдай – Рух
- **Күнаға бату мен құтқарылу туралы ілім** – адам алғашында Құдайға қарсылық көрсетіп оның қорғауынан тыс қалды, сондықтан ол Құдай тарапынан Құтқарылуға мұқтаж
- **Иисус Христостың құдайадамдық табиғаты және оның құрбандық сипаты:** Иса Мәсіхтің бір мезетте Құдай және адам болып табылады, өзінің қиналған өлімі және Қайта тірілуі арқылы ол адамдарға тозақ пен өлімнің билігінен құтқарды.

ХРИСТИАН ДІНИ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Киелі Жазба

Қасиетті хабарлар

- Әлемдік жеті соборлардың шешімі
- Канондар
- Литургиялық мәтіндер
- «Шіркеу әкелерінің» еңбектері
- Әулиелер өмірі
- Шіркеулік ғұрыптар

СЕНІМ НЫШАНЫ – шіркеумен бекітілген христиан сенімінің негізгі догматтарын қысқа, бірақ нақты сөздермен беру

325 жылы Никада Әлемдік Собор бекіткен қағидалар

1. Әлемнің Жаратушысы ретінде бір Құдай Әкеге сенім
2. Бір Құдай әкенің ұлы - Иса Мәсіхке сенім
3. Құдайлық сипат алу қағидасы
4. Иса Мәсіхтың крестегі өліуі мен құтқару үшін құрбандығы туралы қағидат
5. Қайта тірілу қағидаты
6. Аспанға ұшу қағидаты
7. Исаның жерге алдағы уақытта қайта келу қағидаты

381 жылы Константинопольде Әлемдік собор бекіткен қағидалар

1. Қасиетті Рухқа сенім туралы
2. Шіркеудің бірлігі мен қасиеттілігі туралы
3. Шоқындыру құпиялығы туралы
4. Өлілердің жаппай қайта тірілуі туралы
5. Мәңгі өмір туралы

ХРИСТИАН ДІНІНІҢ БАҒЫТТАРЫ: КАТОЛИЦИЗМ

КАТОЛИЦИЗМ (грек.тілінде «жалпы», «жалпыға ортақ») – христиан шіркеуінің ең ірі бағыты (Батыс христиан шіркеуі)

ДІНИ СЕНІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- «Филиокве» қағидаты (Filioque – Қасиетті Рух Құдай-Әкеден және Құдай Баладан тарайды (589 ж.);
- Көне Өсиет кітаптарының көп бөлігін мойындау (11 кітап);
- Жиырма бір шіркеу соборының шешімдерін мойындау;
- Иса Мәсіх, қасиетті Мәриям ананың және басқа әулиелердің «аса жоғарғы қызметтері» туралы ілім;
- Чистилище (аралық тазару орны) туралы қағидат (1439 ж.);
- Қасиетті Мәриям ананың бейкүнә бала көтеруі туралы қағидаты (1864 ж.);
- Сенім мен адамгершілік мәселесінде Папаның қателеспейтіндігі туралы қағидаты (1870 ж.);
- Құдай ананың «жан және тәнімен аспанға ұшуы» туралы қағидат (1950 ж.).

КУЛЬТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- Басқа үш рет су құю арқылы шоқындыру;
- Ересек адам шоқындыру рәсімінен бұрын катехизация – дайындық мерзімінен өтуі тиіс (сенім негіздерін зерттеу);
- Конфирмация саналы адамға бір рет жасалады (миро майын жағу) (7-12 жас);
- Евхаристия рәсімі үшін тұщы нанды қолдану;
- Шараппен тазару тек діни қызметшілерге рұқсат;
- Шіркеулік неке теориялық тұрғыдан бұзылмайды;
- Әулиелік лауазымда целибат ұстану қажет (некеге отырмауға ант беру);
- Бес саусақпен шоқыну;
- Діни рәсім барысында діндарлар отырады, тек кей уақыттарда тізе бүгіп отырады;
- Діни рәсімнің басты тілі – латын тілі;
- Діни рәсім органдық әуенмен сүйемелденеді;
- Басты діни қызмет – месса.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- Рим Папасы басшысы болып табылатын шіркеуді басқарудың орталықтандырылған иерархиялық жүйесі;
- Монахтық рухани ордендердің болуы.

ХРИСТИАН ДІНІНІҢ БАҒЫТТАРЫ: ПРАВОСЛАВИЕ

ПРАВОСЛАВИЕ/ОРТОДОКСИЯ – (грек тілінен – «дұрыс пайымдау», «дұрыс ілім») – б.з. бұрын I мыңжылдықта Рим империясының шығысында қалыптасқан христиан дінінің бағыты.

ДІНИ СЕНІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- Қасиетті Рух тек Құдай-Әкеден тарайды;
- Көне Өсиет кітаптарының «аз бөлігін» мойындауы;
- Алғашқы жеті Әлемдік собордың шешімдерін қабылдау;
- Құдай анасы адами табиғатқа ие және алғашқы күнәдан арылмаған;
- Шіркеудің соборлық қағидаты.

КУЛЬТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР:
- Шоқындыру суға үш рет шомылу арқылы жүргізіледі;
- Шоқындыру құпиялығымен миро майын жағу кішкентай балаларға жасалады;
- Евхаристия үшін просфора – діни қызметшілер үшін де, қарапайым адамдар үшін де ащы нан мен шарап қолданылады;
- Шіркеулік неке маңызды себептер болған жағдайда бұзыла алады;
- Целибат (некеге тұрмау анты) тек қара дін басыларға (монахтарға) тән, ал ақ дін басыларға керісінше неке міндетті болып табылады;
- Шоқыну үш саусақпен жүзеге асырылады;
- Діни рәсімдер тек ән айтумен сүйемелденеді, қызмет барысында әуенге тыйым салынады;
- Басты діни қызмет – литургия.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- 15 православтық шіркеудің өкілдіктері бір-бірінен тәуелсіз;
- Монахтық рухани ордендердің болмауы.

ХРИСТИАН ДІНІНІҢ БАҒЫТЫ: ПРОТЕСТАНТИЗМ

ПРОТЕСТАНТИЗМ – (лат. тілінен protestation- «үндеу», «келіспеу») – XVI ғ. қалыптасқан христиан діні бағыттарының бірі.


ДІНИ СЕНІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- Діни сенім негізі ретінде тек Киелі жазба танылады; протестант дінінің өкілдерінің көзқарастарына сәйкес, адамдар тарапынан жазылған қасиетті жазба ақиқат болып табылмайды;
- «сеніммен ақталу» қағидаты: православие және католицизм діндерінде тәрізді құтқарылу шіркеуге деген қатыстылығымен емес, Құдайға жеке дұға ету мен құлшылықтар арқылы жүзеге асырылады;
- «жалпы қасиеттілік» қағидаты: ешкім адам мен Құдай арасында байланыстырушы бола алмайды, кез-келген адам өз өзіне діни қызметші бола алады;
- Шіркеуді қоса алғанда ешқандай ұйым күнәсіз және түзетілмейді деп есептеуге болмайды;
- Құпиялықтың ең аз бөлігін ғана мойындау, құпиялылық мистикалық (танылмайтын) емес, символикалық мәнге ие;
- Қасиетті жазбаға түсіндірме беруге сенушілердің құқықтары бар.

КУЛЬТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР:
(әр түрлі деноминациялардың культтері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін):
- Тек Құдайға ғана сену; Құдай ана мен әулиелер культінің болмауы;
- Әдетте екі құпиялықты жасау: шоқындыру және тазару;
- Діни рәсімдер барынша жеңілдетілген;
- Шіркеулердің ғимараттары қарапайым, кез-келген орын болуы мүмкін;
- Иконалар, ескерткіштер, қасиетті су, қасиетті жәдігерлер культінің болмауы;
- Шырақ жағу рәсімінің болмауы;
- Крест нышан ретінде қабылданады;
- Қызметтердің әуендік сүйемелденуі жеңілдетілген.

ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
- Протестантизмде ұйымдастырудың бірегей ережелерінің болмауы: жеке дара шіркеулер мен деноменациялардың көп болуы;
- Миссионерлік (дінді тарату) әр протестанттың міндеті болып табылады.

4.3. ИСЛАМ

Уақыты	Б.з. VII ғ. пайда болды
Орны	Арабия шығанағы
Пайғамбар/ рухани лидер	Мұхаммед пайғамбар
Түрі	Монотеизм
Қасиетті кітабы	Құран
Символы	Жарты ай



ИСЛАМ ДІНИ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Бір Аллаға сену;
- Алланың пайғамбары мен елшілеріне сену;
- Періштелерге сену;
- Тағдырға сену;
- Қиямет күніне сену;
- Қасиетті кітаптарға сену.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Құран (сөзбе - сөз «дауыстап оқу») - исламның қасиетті кітабы


ИСЛАМНЫҢ ҚОСЫМША ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Сүннет (сөзбе - сөз «әдет», «мысал») - Мұхаммедтің өмірі мен қызметі туралы әңгімелер (хадистер) жинағы, ол VII-IX ғасырларда қалыптасты.

Шариғат (араб. шариа-дұрыс жол)

- Исламның діни-мәдени жүйесінің маңызды бөлігі
- Құран мен Сүннет негізінде екі ғасыр бойы қатаң конфессиялық құқық ретінде қалыптасып, дамыды
- Мемлекеттік, мұрагерлік, қылмыстық және неке-отбасы құқығы нормаларынан тұрады
- Шариғат - сонымен қатар мұсылманның бүкіл қоғамдық және жеке өмірін реттейтін моральдық нормалар, мәдени нұсқаулар

ӘЛЕМНІҢ ДІНИ КАРТАСЫ



Халықтық сенімдер	Ислам	Басқа сенімдер	Христиан діні	Буддизм	Индуизм	Иудаизм	Атеистер және Агностиктер
5.6%	24.4%	0.9%	31.8%	6.7%	15.0%	0.3%	15.3%

V ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНДЕР

5.1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары ішінде әлемдік қоғамдастық мойындаған, дінаралық және конфессияаралық диалог пен келісімді табысты ілгерілетуде бірегей тәжірибесі бар егемен мемлекет ретінде қалыптасты.

Егемендік алған сәттен бастап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев жас мемлекеттің дамуының негізі ретінде теңдік пен достыққа, өзара диалог пен берік келісімге негізделген «әралуандықтағы бірлік» саяси формуласын, бүкіл Қазақстан халқының ұлттық-рухани бірлігін алды.

Қазақстандағы діндердің дамуы — діни сенім бостандығы, рухани даму, елдегі азаматтық татулық пен конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттің жүйелі саясатының нәтижесі.

Үш онжылдық ішінде мемлекеттің нақты іс-қимыл стратегиясының басты нәтижесі оның мемлекеттік-конфессиялық қатынастар және діни сенім бостандығы саласындағы сындарлы саясаты болды. Қазақстанда дін саласындағы мемлекеттік саясатты ілгерілету жөніндегі шараларды жүйелі және дәйекті іске асыру жаһанданушы әлемнің сын-тегеуріндері мен қауіп-қатерлерін ескере отырып, жаңа тәжірибелерді жетілдіру мен игерудің серпінді үдерісінде тұрған осы саясаттың өзегі ретінде дінаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

5.2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДІНИ ПАЛИТРАСЫ: ҚЫСҚАША ШОЛУ

Еліміздің конфессиялық кеңістігі сан алуан, ол Қазақстан үшін дәстүрлі діни ілімдерден (ханафи мазхабындағы ислам және православиелік бағыттағы христиан діні), сондай-ақ жаңа ағымдардан тұрады.

Ел азаматтарының діни өзін-өзі тануының негізгі түрлері ислам және христиан дінімен байланысты.

Қазіргі таңда Қазақстанда 130-дан астам этнос және 18 конфессия өкілдері тұрады, елде олардың өзара тату өмір сүруі мен дамуына қолайлы жағдай жасалған.

Елдің конфессиялық сан алуандығы қоғамдық тұрақтылықты, мемлекеттегі бейбітшілік пен келісімді, діни негізде қайшылықтардың болмауын қамтамасыз етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР

18 КОНФЕССИЯНЫҢ АТЫНАН ӨКІЛДІК ЕТЕТІН 3808 ДІНИ СУБЪЕКТІЛЕР ТІРКЕЛГЕН

ИСЛАМ	2673	ПРЕСВИТЕРИАНДАР	107	ЕХОБА КУӘГЕРЛЕРІ	60
ПРАВОСЛАВИЕ	343	ЖЕТІНШІ КҮН АДВЕНТИСТЕРІ	42	КРИШНА САНАСЫ ҚОҒАМЫ	12
КАТОЛИЦИЗМ	86	ЛЮТЕРАНДАР	14	БАХАИ ҚАУЫМЫ	6
ЕЛУІНШІЛЕР	228	МЕТОДИСТЕР	11	ИУДАИЗМ	7
БАПТИСТЕР	186	ЖАҢА АПОСТОЛДЫҚ ШІРКЕУ	24	БУДДИЗМ	2
МЕННОНИТТЕР	4	МОРМОНДАР	2	МУНИТТЕР	1

5.3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ КАРТАСЫ

Қазақстанның рухани киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – Ұлытау және Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы ескерткіштер кешені, Тараздың ежелгі ескерткіштері, Бекет ата жерленген орындар, Шығыс Қазақстанның ежелгі кешендері мен Жетісудың киелі орындары және де Отанымыздың басқа да көптеген жерлері кіреді.

Бұл қазақ халқының жадында мәңгілік құндылыққа ие және ұлттық бірлік пен қайта өрлеу нышаны ретінде қызмет ететін ерекше қастерлі табиғи және мәдени мұра ескерткіштері.

Киелі ескерткіштер ретінде «қасиетті» таулар, үңгірлер, өзендер, шатқалдар, ежелгі қалашықтар, ерекше табиғи құбылыстар орындары, рулық қасиетті орындар, қорғандар және жерлеу орындары, діни табыну объектілері, естелік шайқастар мен ерліктер орындары, ұлы адамдардың, әулиелердің өмір сүру орындары, кесенелер, ғибадатханалар және халқымыздың рухани дәстүрлерінің негіздерінің бірі болып табылатын өзге де табиғи, мәдени және тарихи мұра ескерткіштері сияқты табиғи-ландшафттық объектілер орын алады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ КАРТАСЫ



Қазақстандағы 100 жалпыұлттық киелі нысандардың тізімі 6 санатқа бөлінген:






Қ.А.ЯССАУИ КЕСЕНЕ-КЕШЕНІ



«ТАҢБАЛЫ ТАС» ЕСКЕРТКІШІ



ВОЗНЕСЕНСК КАФЕДРАЛЫ ШІРКЕУІ

«Қазақстанның киелі географиясы» шеңберінде Киелі Қазақстан интерактивті виртуалды 3D картасы жұмыс істейді (http://www.kieliqazaqstan.kz/).

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫНА ВИРТУАЛДЫ ТУРЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Қасиетті мешіт (Әл-Харам мешіті) – аумағында ислам дінінде ерекше қасиетті болып табылатын - Қағба орналасқан әлемдегі ең басты және ең үлкен мешіт. Әл-Харам мешітіне және Қағбаға бару қажылықтың міндетті парызы болып табылады. Мешіт Сауд Арабиясы Корольдігінің Мекке қаласында орналасқан. (https://sketchfab.com/3d-models/great-mosque-of-mecca-014cf5f9545b4e9c89f461c114a0c2f4).



Қасиетті қабір шіркеуі (Мәсіхтің қайта тірілуінің Иерусалим ғибадатханасы) – христиан әлемінің басты ғибадатханасы. Қасиетті қабір шіркеуі – Қасиетті Жазбаға сәйкес Иса Мәсіх крестке шегеленіп, жерленіп, қайта тірілген Голгофаның орнында тұрғызылған ғимараттар кешені болып табылады. Қабір - ғибадатхананың басты құрбандық нысаны және христиандар үшін зиярат орны болып табылады. Израильдің Иерусалим қаласында орналасқан (https://santosepulcro.co.il/tours/santosepulcro/ru/html5/index.html).



Акшардхам ғибадатханасы – Дели қаласындағы үнді ғибадатхана кешені. Гиннестің рекордтар кітабына әлемдегі ең үлкен үнді ғибадатханасы ретінде енген. Акшардхамның басты көрнекілік орны - Мурти деп аталатын үнділік Құдай Шваминараянның екі метрлік алтын жалатылған мүсіні.
(https://www.airpano.com/360photo/Akshardham-India/).



Жылау қабырғасы (Батыс қабырға) – б.з. 70 жылы римдіктер Екінші Ғибадатхананы қиратқаннан кейін қалған Иерусалимнің Ескі Қаласындағы Храм тауының батыс беткейіндегі ежелгі қабырғаның бөлігі. Иудаизм дінінде Храм тауынан тыс ең ұлы қасиетті құндылығы. Көптеген ғасырлар бойы бұл еврейлердің ұрпақтарының сенімі мен үмітінің нышаны, зиярат пен дұға ету орны болып табылады. Израильдің Иерусалим қаласында орналасқан.
(http://www.360tr.net/jerusalem/western-wall/).



VI ТАРАУ. ЖАҢА ДІНИ ҚОЗҒАЛЫСТАР

6.1. ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР: БЕЛГІЛЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Деструктивті діни ағым (ДДА) — адамның қорғалған құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін, жеке тұлғаның психикалық және физикалық денсаулығын, қоғамның адамгершілік негіздерін, рухани және мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін әлсіретететін немесе бұзатын жалған діни көзқарастар мен идеяларды және ілімдерді насихаттайтын діни бағыт, ағым.

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМ ҰСТАНУШЫСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- өмір салтының, әдеттері мен мінез-құлқының, сондай-ақ қызығушылықтары мен қарым-қатынастарының өзгеруі;
- таныс қарым-қатынас шеңберіне, отбасына, достарына, мамандығына қызығушылықты жоғалтуы;
- үйде, отбасында, жақындары мен туыстарының арасында жиі әрі себепсіз болмауы;
- өзін-өзі оқшаулауы немесе адамның қарым-қатынасы мен мінез-құлқында құлшыныстың ерекше артуы;
- үй кітапханасында діни әдебиеттің және басқа да күмәнді жалған діни макулатураның (журналдар, парақшалар, брошюралар және т. б.) күрт өсуі;
- банктерден несиелер алу, туыстары мен достарынан қарыз алуға апаратын қаржылық қажеттіліктердің артуы;
- патриотизмге, өз мәдениетіне, дәстүріне, ата-бабаларды еске алуға, үлкендердің беделіне құрметсіздік білдіру;
- заңмен белгіленген міндеттерді орындаудан бас тарту (әскерде қызмет ету, міндетті орта білім алу және т. б.);
- медициналық процедуралардың жекелеген түрлерінен бас тарту (қан құю, вакцинация, трансплантаттау және т. б.).

ЖАСТАРДЫ ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРҒА ТАРТУДЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ӘДІСТЕРІ

1. Жастар клубтары
2. Қайырымдылық акциялары, қорлар
3. Тұлғалық даму семинарлары мен тренингтері
4. Шет тілдерін үйрену
5. Рухани жолдар мен эзотериканы зерттеу
6. Материалдық сыйақы

6.2. ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ: ТҮСІНІГІ, БОЛМЫСЫ, КӨРІНІС НЫСАНДАРЫ

ТЕРРОРИЗМ – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы;

ЭКСТРЕМИЗМ – нәсілдік, ұлттық және діни белгілері бойынша кемсітушілік түрінде көрініс табатын шектен тыс көзқарастар мен іс-әрекеттер әдістеріне бейілділік.

Діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдану ретінде экстремистік мақсаттарды көздеу (діни экстремизм)

6.3. ҚАЗАҚСТАНДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР

ТЕРРОРИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ:

ТЕРРОРИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ 2004 ЖЫЛДЫҢ 15 ҚАЗАНЫНДАҒЫ ШЕШІМІ НЕГІЗІНДЕ ТЕРРОРИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР:

- «Әл-Каида»
- «Шығыс Түркістан ислам партиясы»
- «Күрд Халық Конгресі»
- «Өзбекстанның ислам қозғалысы»

АСТАНА ҚАЛАСЫ СОТЫНЫҢ 2006 ЖЫЛДЫҢ 17 ҚАРАШАДАҒЫ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС ТЕРРОРИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР:

- «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы»
- «АУМ Синрикё»

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ СОТЫНЫҢ 2011 ЖЫЛДЫҢ 25 ҚАРАШАДАҒЫ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС ТЕРРОРИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР:

- «Джунд-аль-Халифат» (Халифат сарбаздары)

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ 2005 ЖЫЛДЫҢ 15 НАУРЫЗЫНДАҒЫ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС ТЕРРОРИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР

- «Асбат әл-Ансар»
- «Мұсылман бауырлар»
- «Талибан» қозғалысы
- «Боз Гурд»
- «Орталық Азия моджахедтерінің жамағаты»
- «Лашкар-е-Тайба»
- «Әлеуметтік реформалар Қоғамы»

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ СОТЫНЫҢ 2008 ЖЫЛДЫҢ 5 НАУРЫЗЫНДАҒЫ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС ТЕРРОРИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР:

- «Түркістан ислам партиясы»

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ЕСІЛ АУДАНЫ СОТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛДЫҢ 15 ҚАЗАН АЙЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС ТЕРРОРИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР:

- «Ислам мемлекеті»
- «Ан-Нусра майданы»

ЭКСТРЕМИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМДАР:

2005 ЖЫЛДЫҢ 28 НАУРЫЗЫНДАҒЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН ЭКСТРЕМИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМ:

- «Хизбут-Тахрир-аль-Ислами» ұйымы.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ САРЫАРҚА АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ 2013 ЖЫЛДЫҢ 26 АҚПАНЫНДАҒЫ ШЕШІМІМЕН ЭКСТРЕМИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМ:

- «Таблиғи-Жамағат».

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ҚАЛАСЫ ЕСІЛ АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАЗАНДАҒЫ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС ЭКСТРЕМИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМ:

- Йақын Іңкәр (араб тілінен «يقين إنكار»)

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫНЫҢ 2012 ЖЫЛДЫҢ 7 МАУСЫМЫНДАҒЫ ШЕШІМІМЕН ЭКСТРЕМИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМ:

- «Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестік.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ САРЫАРҚА АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 18 ТАМЫЗДАҒЫ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС ЭКСТРЕМИСТІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ҰЙЫМ:

- «Ат-такфир уаль-хиджра»

VII ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН-ДІНАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ ЕЛІ



Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары ішінде әлемдік қоғамдастық мойындаған, дінаралық және конфессияаралық диалог пен келісімді табысты ілгерілетуде бірегей тәжірибесі бар зайырлы және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасты.

Қазақ халқының өзге дін өкілдеріне деген құрметі, төзімділігі және өзара түсіністігі елдегі қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен мемлекеттіліктің тұрақты дамуының басты шартына, нығайтушы факторына айналды.



Сондай күрделі ахуалда түсіністіктен татулыққа, ымырадан ынтымаққа қол жеткізу арқылы ғана тұтастығымызды сақтадық... Ол қазақтың кең қолтық, ақ жүрек мейірбандығының және Алтай мен Атырау арасын сол қазақпен араласа жайлаған өзге ұлттардың Абай өнеге етіп қалдырған бауырластығының арқасында жүзеге асты.


Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай аманаты» атты мақаласынан

Елімізде қалыптасып отырған діни ахуалда Қазақстандағы әлеуметтік үдерістерді тұрақтандыру факторы болып табылатын конфессияаралық келісім саласындағы жетістікті атап өткен жөн.

Бұл келісімнің бір түрі – тұрақты конфессияаралық диалог, түрлі діни қауымдастықтардың өзара әрекеттестігі.

КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ – жеке діни принциптерін міндеттемей, өзара құрметке негізделген әртүрлі діндер өкілдерінің тең құқылы қарым-қатынасы.

Конфессияаралық диалогтың мақсаты конфессиялық қауымдастықтар арасында өзара құрметке негізделген қарым-қатынасты қалыптастыру, діндер мен діни бірлестіктердің тату өмір сүруін қамтамасыз ету, қоғам мен мемлекетті толғандыратын түрлі мәселелер бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру болып табылады.



Әлемнің діни қайраткерлері дінаралық келісімнің мәні мен қажеттілігін түсініп, оны дамыту үшін нақты қадамдар жасауда.

Мұндай ізгілік шаралары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша елімізде өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл форумдар Қазақстанның дінаралық диалогтың жаһандық процесіне қосқан елеулі үлесі болып табылады. Съездер толеранттылық пен өзара түсіністік, диалог пен ынтымақтастық қағидаттарын нығайту мақсатын көздейді.

2003, 2006, 2009, 2012, 2015, 2018 жылдары өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіндеріне ислам, христиан, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм және басқа діндердің көрнекті өкілдері қатысты.

Съездің диалог алаңдарында діни қауымдастықтардың рухани жақындасуы бойынша маңызды әрі мазмұнды сұхбаттар өтіп, нәтижесінде бірлескен декларациялар мен халықтар мен үкіметтерге үндеулер қабылданды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі туралы қосымша ақпарат http://religions-congress.org/ сайтында орналасқан.

Сонымен қатар, 18 қазан - Рухани келісім күні бүгінгі Қазақстан тарихындағы айтулы күндердің бірі болып 1992 жылы жанжалдар мен қақтығыстарға мораторий күні, татуласу, мейірімділік пен жақындарға көмек көрсету күні деп жарияланды.

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ СЪЕЗДЕРІНІҢ ФОТОКӨРМЕСІ











ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР

1. Қазақстандағы діндер. Хрестоматия. I бөлім/«Бастау» баспасы-Алматы, 2011.-384 б.

2. Бағашаров Қ. Діни толеранттылық және әлемдік діндер (буддизм, христиан, ислам) / «Көкжиек» баспасы.- Алматы, 2014. - 40 б.

3. Бағашаров Қ. Дінаралық диалог: тарихы, ұғымы, мәні /«Көкжиек» баспасы.- Алматы, 2014.- 52 б.

4. Кенжетай Д. Зайырлы ел - қайырлы ел: Қазақстан Республикасы - Астана, 2017.- 392 б.

5. Ахмедов К. Тышхан К. Мораль және дін. Оқу құралы. - Алматы, 2016.- 218 б.

6. Дін мен дәстүр / «Ғибрат» баспа үйі 2013 192 бет.- Алматы, 2013.- 192 б.

7. Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 100 сұрақ-жауап / «АстанаБланкИздат» БПК ЖШС.- Астана, 2017.- 153 б.

8. Зайырлы мемлекет және дін қатынастары: теориясы мен тарихы, шетелдік және отандық тәжірибесі / Дін мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеу және талдау орталығы.- Астана, 2017.- 56 б.

9. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің ресми сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/din?lang=kk

10. Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының ресми сайты http://religions-congress.org/

«ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ 9 СЫНЫП

МАЗМҰНЫ

I. ТАРАУ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ **3**

1.1. Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні және сипаты **3**

1.2. Қазақстан — зайырлы мемлекет **6**

1.3. Білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары **10**

II. ТАРАУ ДІН РУХАНИ-МӘДЕНИ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ **12**

2.1. Діннің негізгі мәні мен мазмұны **12**

2.2. Діннің қызметі **12**

III. ТАРАУ ДІННІҢ БАСТАУЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ТҮРЛЕРІ **18**

3.1. Алғашқы наным-сенімдер **18**

3.2. Ұлттық діндер **21**

IV. ТАРАУ ӘЛЕМДІК ДІНДЕР **23**

4.1. Буддизм **24**

4.2. Христиандық **27**

4.3. Ислам **32**

V. ТАРАУ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНДЕР **35**

5.1. Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар **35**

5.2. Қазақстанның діни палитрасы: қысқаша шолу **35**

5.3. Қазақстанның киелі картасы **36**

VI. ТАРАУ ЖАҢА ДІНИ ҚОЗҒАЛЫСТАР **40**

6.1. Деструктивті діни ағымдар: белгілері мен салдары **40**

6.2. Экстремизм және терроризм: түсінігі, болмысы, көрініс нысандары **41**

6.3. Қазақстанда тыйым салынған діни бірлестіктер **42**

VII. ТАРАУ ҚАЗАҚСТАН-ДІНАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ ЕЛІ **43**

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР **46**